

Б.Т.МЫРЗАГЕЛДИЕВА

АҚЫТ ҚАЖЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЯСАУИ ДӘСТҮРІ

Произведения Ақыт қажы Улімжұалы, которые были известны казахстанским читателям только в последние годы, в основном созданы в религиозном духе. Огромное влияние к ним оказало ясавийское духовное учение. В этих произведениях часто встречаются подражание к Х.А.Ясави.

Kazakistan halkına son yllara kadar belli olarak tawilan Akit Hacı eserlerinin doğunuğu derin dini manalara doludur. Bu eserler Hazreti Ahmed Yesevi ve Yesevilik, onun hal ilmi hakkındaki bilgileri içermiştir. Hazreti Yesevi'yi övmek, ona benzemeye çalışmak gibi unsurlar Akit Hacı eserlerinin ana fikirlerini oluşturmuştur.

Ақыт қажы Улімжіұлының өлең кітаптары XIX ғасырдың соңы мен өткен ғасырдың басында-ақ Қазан қаласынан жарық көріп, тек қазақ халқына ғана емес, бізбен туыстас, діндес халықтардың көбіне мәшіүр болса да, күні бүтінге дейін әдебиет тарихымыздан өзіндік орнын алыш болған жоқ деп сеніммен айтуға болады. Ақынның шығармалары ең әуелі өзі көзі тірі кезінде 1891-1914 жылдар аралығында Қазан, Орынбор, Семей баспаларында жеке-жеке кітапша ретінде басылым көрген еді. Осы кезде ол 9 кітабын 14 рет бастырған. Оナン соң өткен ғасырдың 70 жылдарында кеңестік Қазақстан мен Монголияда кейбір туындылары ішінәра басылым көрген. Қытайдағы Жұнғо коммунистік партиясы орталық комитетінің XI кезекті жалпы мәжілісінен кейін, Қытайда шығатын қазақ тіліндегі альманахтар мен журналдарда 1978 жылдан бастап санаулы ғана шығармалары басылған болатын. 1993 жылы Қазақстанда шыққан антологияға бірнеше өлең-толғаулары енген [1]. 1994 жылы Қытайдағы аз ұлттардың байырғы шығармалар кеңсесінен Қ.Нұртазаұлы және Ф.Ақытұлы, Ж.Мырзақанұлы, Ә.Қалиұлылардың құрастыруымен Шыңжаң халық баспасынан оның шығармаларының 1 томы басылған. Ол 1998 жылы кайта басылған [2]. 1999 жылы тағы да байырғы шығармалар кеңсесінен Қ.Нұртазаұлының жинақ, құрастырумен оның 2 томы Қаһар Сіламжанұлының жауапты редакторлығымен басылыш шықты [3]. Соңдай-ақ 1994 жылы Қ.Қалмасқарулының құрастыруымен Баян-Өлгейден де ақын өлең-дастандарының жеке жинағы жарық көрген. Ақыттың шығармалар жинағы Қазақстанда соңғы жылдарда ғана баспа бетін көрді. Нақтырақ айтқанда, 2011 жылы Қазақстанда дайындалып, алғы сөзін философия ғылымдарының кандидаты Г.Омарова жазған ақын шығармалары толық жинағының екі томдығы Кония қаласында қазақ тілінде, кирилл алфавитінде басылыш шықты.

Ақыт Алтай аймағы Көктогай ауданының Қайырты өзенінің бойында 1868 жылы тамызда туылған екен. Ол Қазанды бастырған кітаптарында өз атын «Ахид бин уәлид Гүлімжі Алтайский Қарымсақов» деп беріш жүрген. Ел оны «Ақыт қажы» деп атады. Улімжі – Ақыттың өз әкесі, ал атасы

## Б.Т.Мырзагелдиева. Ақыт қажы шығармаларындағы Ясауи...

Қарымсақ кезінде дәүлетті адам болған екен. Ақыттың анасы Жібек – Алтай өңіріне әйгілі шепен Бекжанбай Барлыбайұлының қызы. Ол он тоғыз жасында келіп бол түсіп, бала көтермей жүріп, тұңғышы Ақытты 33 жасында туышты. Үлімжінің Жібек, Бәкеш атты екі әйелінен алты үл, төрт қыз болады. Ақыт әуелі немере ағасы Садық Жебенұлынан, онан ауыл моласы Фұсыманнан мұсылманды саудат ашады. Бірнеше жылдан кейін, молқы елінің үкірдәйі (болыс деңгейіндегі ел басшысы) Жуанхан патша өкіметінен Алтайға қашып келген Мырзабақа (шын аты Махбубулла) деген молдаға өз елінің балаларын жиын оқыттырады. Осы кезде Ақыт та Мырзабақадан оқиды әрі бастауыш білім бойынша оқушыларға дәріс те береді. Жуанхан мен Мырзабақа екеуі де Ақытты өте ұнатады. Жуанхан Ақытты ел ішіндегі жұмыстарға пайдаланады, ал Мырзабақа Ақытқа араб, шарсы, көне түркі тілдерін жетік үйретеді, Шығыс әдебиеті мен ислам мәдениетін терең игертеді. Көп ұзамай Ақыт отбасылы, бала-шагалы болғандықтан, Жуанхан үкірдай оны құнкөріс үшін Қобда аймағында почта бөлімпесіне қызметке жібереді. Осы кезде ол монғол тілін, жазуыш және орыс тілін үйренеді. Бұл туралы ақынның «Керей ишпаны Мұхаммет момын» деген шығармасында бағындалады.

1891 жылы Қобда елінің ең ықпалды биі, дәүлетті кісісі Барлам үкірдай Жуанхан үкірдайдан қолқалап, өзіне хатшылыққа және өз ауылындағы балаларын оқытуға Ақытты алдырады. Сөйтіп Ақыт почта жұмысынан бала оқытуға аудысады. Соңда Ақыт 1891 жылдан 1907 жылы қажыларға ілесіп қажы сапарға аттанғанға дейін 16 жыл ағартушылық қызметін істеген болыш шығады. Ол 1907 жылы ораза қарсаңында қажы сапарына аттанып, 8 жарым ай жүріп, 1908 жылы мамырда елге оралады. Осыдан соң ол өз ауылында тағы да үздіксіз бала оқытады. Қобданың Ақбалшық деген жеріне мешіт-мәдресе салдырады. 1912 жылы Алтай елі оны Қобдадан көшіріп әкеліп, Көктогай, Бурылтогай, Шіңгіл елі қазы сайлайды. Онда өзі қазылық міндетін атқарумен бірге, тағы да бала оқытады. Осы кезде ол Көктогайдың Шәкүрты деген жерінде Ақ мешіт аталатын үлкен мешіт және екі сыншылық мәдресе, жайлауда да шағын мешіт, мәдресе салдырган. 1913 жылы Бурылтогай, Шіңгіл жерлерінде де мешіт пен мәдресе салып, имамдарға бала оқытууды жүктеген [4].

Шыңжанда компартия үстемдігіне дейін Жонғо үкіметі мұсылман халықтарына заңдық билікті шарифат бойынша жүргізген. Ал өкімет өкілдері тек әкімшілік істерін ғана басқарған. Азаматтық істер шарифат өкімімен жүзеге асқан. Ақыт осы міндет жүктелетін қазылық жұмыста 28 жыл бойы істеген. Соңдықтан оны көрнекті ақын ғана емес, белгілі қоғам қайраткері деп те есептеуіміз керек. 1939 жылы желтоқсанда, Алтай аймақтық сақшылары Көктогайға келіп, Ақытты тұтқындағы. Оның мешіт, мәдресесінде сақталған мыңға жуық кітабын, қолжазбаларын талан-таражға салады. 1940 жылы 1 қаңтарда Ақытты айдаш барыш Сарысұмбедегі

аймақтық сақшының тұрмесіне жабады. Бұған кектенген Көктогайды қазақтар көтеріліске шықпақ та болады. Оны Ақыттың өзі тоқтатады. Бұдан ақынның өз халқына қашшалықты қадірлі болғаны байқалады. Ақыт Үлімжіұлы 1940 жылы тамыз айында, 72 жасында Үрімжі тұрмесінде құрбан болады [5].

Ақыт қажының соңында мол мұра қалды. Екі томдық шығармалар жинағына екі олең-роман, жиырма дастан-поэма, қырыққа жуық олең-толғаулар енгенін және бұдан басқа тағы да дайындалып жатқан екі томдық барын [4, 2] есепке алсақ және бізге жетпеген, жоғалыш кеткен шығармалары да көп болғанын ескерсек, Ақыттың өте өшімді жазған қаламгер екеніне көзіміз жете түседі. Ақыттың өмірі мен шығармашылығы біршама зерттелді. Жоғарыда көрсетілген Қ.Жәнәбілұлының мақаласынан басқа Қазақстанда К.Жаңжұныштың, Н.Қазыбековтің, Т.Тебегеновтің, С.Бісқакулының, Ж.Семитұлының, Ш.Рахметұлының, Д.Кәпүлұлының, С.Кенжеахметұлы мен З.Кенжеахметованың, Г.Омарованың, С.Зейнұллаевтің т.б. зерттеушілердің де мақала-шікірлері жарияланды. Ал Қытайдағы газет-журналдарда Ә.Қалиұлы, Қ.Нұргазаұлы, Қ.Манағұлы, М.Сейтқалымұлы, Б.Жұмабайұлы, Ш.Оңалбайұлы, М.Әкуалы, Қ.Қалиасқарұлылардың мақалалары шықты. Сонымен қатар, З.Сейітжанұлының [6], Д.Мәсімханұлының [7], Ф.Ақытұлының [8] ақын өмірі мен шығармашылығына арналған кітаптары да оқырманға ұсынылды. Солай бола тұра, Ақыт шығармаларының зерттелетін жақтары әлі де жеткілікті. Әсіресе, оның қазақ әдебиеті тарихынан алғын орнын анықтау мәселесі күн тәртібінен түсken жоқ десек, артық айтқаңдық болмайды.

Ақыттың өзінен бұрынғы әдебиет өкілдерінен үйренгені, алған тағылымы мол. Ол Абай мен Ыбырай Алтынсаринді жетік білген. С.Кенжеахметұлы мен З.Кенжеахметова бұл туралы: «Ақыт ақын Абайды да, Ү.Алтынсаринді де білді. Әсіресе, ұлы Абайды шір тұтты, ұстаз тұтты, оның жолын қуады, жасыратыны жоқ еліктеді» [9], – дейді. Ал Қ.Жәнәбілұлы: «Ақын шығармаларының 1-томының 182-бетінен 302-бетіне дейінгі Абайға еліктеп жазылған 55 олең түгел дерлік Ақыт өзі кіріспе сөзінде айтқаңдай, ұлы Абай ойларын дәріштеу, жалғастыру мақсатында жазылған» [5, 42], – дейді. Ақын шығармаларының екінші томында да Абай олеңдерінің бастапқы жолдарымен бірдей басталатын олең-толғаулар аз емес. Бұны ақынның шығыстық нәзира дәстүрін жаңа заманға лайықташ қолдануы деп қараған да дұрыс сияқты. Бұл тақырышта Ш.Рахметұлының мақаласы да жарық көрді [10]. Сондай-ақ оның зар заман ақындарымен үндестігі де сөз болды [11]. Бірақ Ақыт қажының үйренген мағынауи және көркемдік тағылымы бұлардан аргы дәуірге кірері сөзсіз. Оның сошылық поэзиядан, әсіресе, Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінен де үйренгені мол. Солай бола тұра, бұл мәселе арнайы сөз бола қойған жоқ. Бұл туралы айттылған шікірлер де тым тапшы. Профессор Т.Тебегеновтің: «Бұл Йассаудің, А.Йұғінекидің,

## Б.Т.Мырзагелдиева. Ақыт қажы шығармаларындағы Ясауи...

Ж.Баласағұның және т.б. исламдық суфизм ақындарының поэзиясында қалыштасқан дәстүрдің жалғасы» [12], – деген бағасынан басқа бұл мәселені қозғаған зерттеушін кездестірмедік.

Ясауи хикметтерінің негізгі тақырыбы – Аллаға ғашықтық. «Ясаудің адам туралы ілімі гуманизмнен өлдекайда кең әрі терең. Оның адам туралы ілімінің негізінде ғашықтық пен махабbat жатыр. Бұл жай ғана махабbat емес, Құдайға деген ғашықтық. «Құдайлық ғашықтық» деп тәңірді, адамды, жалшы жаратылғандарды қандай да бір ішкі есеп үшін емес, Ұлы тәңір үшін сүнді айтамыз. Міне, осындағы махабbat қана адамды адамдық санаға, адам деген құрметті атқа лайық болуға бағыттай алады» [13], – дейді Д.Кенжетай.

Дегдар болма, ғабид болма, ғашық болғын,  
Михнат тартып ғашық жолда садық болғын,  
Нәпсіні теуіш дерғаына лайық болғын,  
Махаббатсыздардың жаны да жоқ, иманы да [14], –

дейді Ясауи бұл туралы. Ақыт та осымен мазмұндағас ойлар айтады.

Мақтан емес бұл сөзім,  
Пірім десем жас келер.  
Пірді ойламас жазғаның  
Жүргегі қатты тас келер.  
Аллаға ғашық шын ерлер  
Хақ жолына бас берер [3,228], –

деп жырлайды ол. Ақын бұл сөзімен сопылық жолға шірсіз тұсуге болмайды деп санайтын Ясауи көзқарасын да қолдан түр. «Бұл жолға, ей бауырым шірсіз кірме» [14,72], – дейді Ясауи да.

Ясауи жолында сошыны мақсатқа жеткізетін қозғаушы күш махабbat болса, ол жүрек тазалығымен қолға келмек. Соңдықтан жүректі тазалау – басты міндеттердің бірі. Сопылық жолда «жүрек» сөзі кейде «қалбо», «қөңіл» сөздерімен мәндес қолданылады. Ясауде «көңіл көзін ашу» жайында айтылса [14,101], Ақыт оны «жүректің түйінін шешу» деп береді. Мысалы, ол бірде:

Жүректегі түйінді,  
Жадырап қашап шептерсің?! [3,428], –

десе, енді бірде: «Тәуба қыш, жүректегі түйінді шеш» [15], – деп жырлайды. Ақыттың шікірінше де жүректің ластығы – адам бақытсыздығының басы.

Бұл жалғанда мал бітсе,  
Адамның азар шырайы.

Құлшылық қыл деп бұйырган,  
Оны берген Құдайы.  
Байыштатас бұл сөзді,  
Жүректің қара лайы.  
Ақырда босқа қалмайды,  
Тіріде өзегі талмайды,  
Бір құдайды ойласа,  
Хақ жүрекпен шынайы [3,351-352], –

дейді Ақыт бұл жайында. Сөйтіп бақытқа жетудің жүректі тазалаудан басталатынын да ескертеді.

Ауызбен бақыт табылmas,  
Жүректі түзу шын қылмай [3,363], –

дейді.

Ясауи жолында жүрек зікір арқылы, яғни Алланы үздіксіз еске алу арқылы ғана тазарады. Аллаға деген махабатты күштейтетін амал да – зікір. Қожа Ахмет Ясауи:

Закирлер әр демде зікірін айтар,  
Тәубе қылыш бұрыс жолдан растқа қайтар,  
Зікір айтса, өсте-өсте шауқы артар,  
Келініздер закир құлдар зікір салайық [14,203], –

десе, Ақыт:

Өтілпі Әбіл, Қабыл, хазірет Шеші,  
Тозақ бар жеті тамүқ – қайнаган пеп.  
Тозаққа ақыретте болар қалқан,  
Зікір айт, ей, жаранлар, ергелі-кеш [15,6], –

деп жырлаған.

Ясауи жолындағы сопы рухани кемелденудің төрт сатысының барлығынан да рет-ретімен өтуі керек. Оның алғашқысы шаригаттан барлық дәруіштер тез арада өткенімен, оны ескерусіз қалдырмауы керек. Бұл туралы Ясауи:

Әр кім түссе тариқаттың жолына,  
Әуелі қадамды шаригатқа қою керек [14,190], –

десе, Ақыт:

Сопыны сопы деменіз  
Шаригатқа өзі нанбаса [3,377], –

дейді.

## Б.Т.Мырзагелдиева. Ақыт қажы шығармаларындағы Ясауи...

Ясауи хикметтерімен үндестіктер Ақыт шығармаларының мазмұндық жағынан ғана емес, өлең құрылсынан да, тілдік қолданыстарынан да кездесіп отырады. Әсіресе, мұндай ұқсастық Аллаға сиынға сөздерінен анық көзге шалышады. Алайда бұл жөнінде арнайы сез қозғанан жөн. Ақыт Үлімжіұлы шығармаларындағы Ясауиден алғынған үлгілерді тереңдей зерттеу – алдағы күннің міндеті.

### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Қазақ поэзиясының антологиясы (ХХ ғасырдың бас кезі). Алматы: Фылым, 1993, 178-186 б.
2. Үлімжіұлы А. Шығармаларының толық жинағы. 1 т. Шыңжан: Халық баспасы, 1998.
3. Үлімжіұлы А. Шығармалары. 2 т. Құйтің: Іле халық баспасы, 1999.
4. Жәнәбілұлы Қ. Ақыт хакында // Үлімжіұлы А. Шығармалары. 2 т. Құйтің: Іле халық баспасы, 1999, 7-14 б.
5. Жәнәбілұлы Қ. Азаттық аңсаған Ақыт ақын // Абай, № 3, 2009, 42-43 б.
6. Сейітжанұлы З. Ақыт ақын. Алматы: Қазақ университеті, 2002.
7. Мәсімхан Д. Ақыт ақын әлемі. Астана: Елорда, 2001.
8. Ақытұлы F. Ақыт Үлімжіұлы. Алматы: Мұсылман баспа үйі, 2008. Кежеахметұлы С., Кенжеахметова З. «Бұл дүниеде кім қалар?» //
9. Парасат. № 4, 2006, 20 б.
10. Рахметұлы Ш. Абай мен Ақыт // Zaman-Қазақстан. 1995, 25 тамыз.
11. Зейнуллаев З. Ақыт Үлімжіұлы өлең-толғауларындағы зар заман сарыны // Қаз ҰУ хабаршысы. Филология сериясы. № 6, 2010, 247-249 б.
12. Тебегенов Т. Ақыт – ислам ағартушылығы поэзиясының ақыны // Казахская литература и мировая литература. № 1, 2004, с.17.
13. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. Алматы: Арыс, 177 б.
14. Зейбек Н.К. Қожа Ахмет Йасауи жолы және таңдамалы хикметтер. Анкара: Бойут-Таң, 2003, 104 б.
15. Ахыт хажы Үлімжіұлы. Ахиретбаян. Баян-Өлгій, 1993, 6 б.

### **REZUME**

B.T.MYRZAGELDIYEVA (Chimkent)  
ARTISTIC TRADITION OF KHOJA AHMED YASAWI IN WORKS AKYT  
KAZHY

Works Akyt kazhy Ulimzhiuly that were known Kazakh readers only in recent years, mostly created in a religious spirit. Huge impact it has had to Yasawi's spiritual teaching. In these works, often to imitate meets in H.A.Yasawi.